ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ҰЛТТЫҚ СТАНДАРТЫ

Дәнекерлеу жіктерін бұзбайтын бақылау

УЛЬТРАДЫБЫСТЫҚ БАҚЫЛАУ

Әдістер, бақылау деңгейлері және бағалау

Контроль неразрушающий сварных соединений

УЛЬТРАЗВУКОВОЙ КОНТРОЛЬ

Методы, уровни контроля и оценка

ҚР СТ ISO 17640-2013

ISO 17640:2010 Non-destructive testing of welds. Ultrasonic testing. Techniques, testing levels, and assessment (IDT)

Ресми басылым

Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігінің Техникалық реттеу және метрология комитеті (Мемстандарт)

Астана

gost.e-ecolog.ru

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ҰЛТТЫҚ СТАНДАРТЫ

Дәнекерлеу жіктерін бұзбайтын бақылау

УЛЬТРАДЫБЫСТЫҚ БАҚЫЛАУ

Әдістер, бақылау деңгейлері және бағалау

ҚР СТ ISO 17640-2013

ISO 17640:2010 Non-destructive testing of welds. Ultrasonic testing. Techniques, testing levels, and assessment (IDT)

Ресми басылым

Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігінің
Техникалық реттеу және метрология комитеті
(Мемстандарт)

Астана

Алғысөз

1 Техникалық реттеу және метрология комитетінің «Қазақстан стандарттау және сертификаттау институты» республикалық мемлекеттік кәсіпорны және «Бұзбайтын бақылау және техникалық диагностиканың қазақстандық ассоциациясы» Заңды тұлғалардың бірлестігінің базасындағы ТК 76 «Бұзбайтын бақылау және техникалық диагностика» **ӘЗІРЛЕП ЕНГІЗДІ**

2 Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігі Техникалық реттеу және метрология комитетінің Төрағасының 2013 жылғы «14» қарашадағы № 26 бұйрығымен **БЕКІТІЛІП ҚОЛДАНЫСҚА ЕНГІЗІЛДІ**

3 Осы стандарт ISO 17640:2010 «Non-destructive testing of welds. Ultrasonic testing. Techniques, testing levels, and assessment» (Дәнекерлеу жіктерін бұзбайтын бақылау. Ультрадыбыстық бақылау. Әдістер, бақылау деңгейлері және бағалау) халықаралық стандартымен бірдей.

ISO 17640:2010 халықаралық стандарты ISO/TC 44 Дәнекерлеу және тектес процестер Техникалық комитетімен әзірленді.

Ағылшын тілінен (en) аударма.

Осы стандарттың әзірленуіне негіз болған және сілтемелер берілген стандартының ресми нұсқасы нормативтік-техникалық құжаттардың Бірыңғай мемлекеттік қорында бар.

2-бөлімде сілтемелік халықаралық стандарттар өзектендірілген.

Сәйкестік дәрежесі – бірдей, IDT.

4 Осы стандартта Қазақстан Республикасының келесі Заңдарының нормалары жүзеге асырылды: 2004 жылғы 9 қарашадағы № 603-II «Техникалық реттеу туралы», 2004 жылғы 9 шілдедегі № 588 «Электр энергетикасы туралы», Кеден одағының 2011 жылғы 16 тамыздағы № 768 «Төмен вольтті жабдықтардың қауіпсіздігі туралы» Техникалық регламенті, 2008 жылғы 31 желтоқсандағы № 1353 «Металл конструкциялардың қауіпсіздігіне қойылатын талаптар» Техникалық регламенті.

5 БІРІНШІ ТЕКСЕРУ МЕРЗІМІ **2020 жыл**
ТЕКСЕРУ КЕЗЕҢДІЛІГІ **5 жыл**

6 АЛҒАШ РЕТ ЕНГІЗІЛДІ

Осы стандартқа енгізілетін өзгерістер туралы ақпарат жыл сайын басып шығарылатын «Стандарттау жөніндегі нормативтік құжаттар» ақпараттық сілтемесіне, ал өзгерістер мен түзетулердің мәтіні ай сайын басып шығарылатын «Ұлттық стандарттар» ақпараттық сілтемесіне жарияланады. Осы стандарт қайта қаралған (ауыстырылған) немесе жойылған жағдайда, тиісті хабарлама ай сайын басып шығарылатын «Ұлттық стандарттар» ақпараттық сілтемесіне жарияланады

Осы стандарт Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігінің Техникалық реттеу және метрология комитеті рұқсатынсыз ресми басылым ретінде толықтай немесе бөлшектеліп басылып шығарыла, көбейтіле және таратыла алмайды

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ҰЛТТЫҚ СТАНДАРТЫ

Дәнекерлеу жіктерін бұзбайтын бақылау

УЛЬТРАДЫБЫСТЫҚ БАҚЫЛАУ

Әдістер, бақылау деңгейлері және бағалау

Енгізілген күні 2015-01-01

1 Қолданылу саласы

Осы стандарт температурасы 0°С-тан 60°С-қа дейін объектілерде ультрадыбыстық толқындардың кіші басылуы бар (ең алдымен шашыраумен анықталатын), қалыңдығы 8 мм-ге тең немесе одан да көп металл материалдарында балқыту дәнекерлеуімен жасалған қосылыстарды қолмен ультрадыбыстық бақылауға қойылатын талаптарды белгілейді. Ең алдымен, стандарт толық балқытылғандағы дәнекерленген қосылыстарды ультрадыбыстық бақылауға арналған, сонымен қатар жіктің материалы және негізгі материал ферритті болат болуы қажет.

Осы стандартта көрсетілген ультрадыбыстық өлшемнің шамалары ультрадыбыстың жылдамдығына негізделген: (5920 ± 50) м/с бойлық толқындар үшін және (3255 ± 30) м/с көлденең толқындар үшін.

Осы стандартта бақылаудың төрт деңгейі белгіленген, олардың әрқайсысы тұтаспағандарын анықтаудың түрлі ықтималдықтарына сәйкес келеді. А, В және С бақылау деңгейлерін таңдау жөніндегі нұсқау А қосымшасында берілген.

Осы стандартта жалпы талаптарға сәйкес келетін, арнайы мақсаттарда қолданылатын D бақылау деңгейіне қойылатын талаптар белгіленген. D бақылау деңгейі тек тапсырыс берушінің талап етуі бойынша жүргізіліп, техникалық тапсырмада арнайы ескертіледі. Оған ферритті болаттан басқа металдарды сынау, толық дәнекерленбеген жіктерді сынау, автоматты жабдықтарды қолданатын сынау және объектің температурасы 0°С-тан 60°С-қа дейін шектерге кірмеген кездегі сынау жатады.

Осы стандартты алынған индикацияларды бағалау кезінде, қабылдау кезінде келесі әдістерді пайдаланып қолдануға болады:

а) шағылысқан сигналдардың ұзындығы мен күшеюіне негізделген бақылау әдісі;

b) индикацияларды сипаттау және олардың өлшемдеріне негізделген іздеушілердің көмегімен бақылау әдісі. Қолданылатын әдістер ескертілуі қажет.

2 Нормативтік сілтемелер

Осы стандартты қолдану үшін келесі сілтемелік нормативтік құжаттар қажет. Күні қойылған сілтемелер үшін сілтемелік нормативтік құжаттың белгіленген басылымын қолданады, күні қойылмаған сілтемелер үшін сілтемелік құжаттың соңғы басылымын қолданады (оның барлық өзгертулерін қоса):

ISO 5817:2003 Welding - Fusion-welded joints in steel, nickel, titanium and their alloys (beam welding excluded) - Quality levels for imperfections (Дәнекерлеу. Болат, никель, титан және олардың қорытпаларын дәнекерлеу кезіндегі (сәуле дәнекерлеуінен басқа) жапсарлы жіктер. Жік ақауына байланысты сапаның деңгейлері. Cor 1 3-2006.

ISO 9712:2012 Non-destructive testing - Qualification and certification of personnel (Бұзбайтын бақылау – Бұзбайтын бақылау саласындағы қызметкерлердің біліктілігі және сертификатталуы (NDT)).

ISO 11666:2010 Non-destructive testing of welds - Ultrasonic testing of welded joints - Acceptance levels (Дәнекерленген жіктерді бұзбайтын бақылау. Ультрадыбыстық бақылау. Қабылдау деңгейлері).

ISO 17635:2010 Non-destructive testing of welds - General rules for metallic materials (Дәнекерленген жіктерді бұзбайтын бақылау. Металл материалдары үшін жалпы ережелер).

ISO 23279:2010 Non-destructive testing of welds - Ultrasonic testing - Characterization of indications in welds (Дәнекерленген жіктерді бұзбайтын бақылау. Ультрадыбыстық дефектоскопия. Дәнекерленген жіктердің ақауларының параметрлерін анықтау.

EN 473:2000 Non-destructive testing - Qualification and certification of NDT personnel - General principles (Бұзбайтын бақылау. Бұзбайтын бақылау саласындағы қызметкерлердің біліктілігі және сертификатталуы. Жалпы талаптар).

EN 583-1:1998 Non-destructive testing - Ultrasonic examination - Part 1: General principles (Бұзбайтын бақылау. Ультрадыбыстық әдіс. 1-бөлім. Жалпы ережелер). A1.

EN 583-2:2001 Non-destructive testing - Ultrasonic examination - Part 2: Sensitivity and range setting (Бұзбайтын бақылау. Ультрадыбыстық әдіс. 2-бөлім. Ұңғының енін және ұзындығын келтіру).

EN 583-4:2002 Non-destructive testing Ultrasonic examination Part 4: Examination for discontinuities perpendicular to the surface (Бұзбайтын бақылау – Ультрадыбыстық бақылау – 4-бөлім: Сыртқы бетке перпендикуляр тұтаспағандарды бақылау). A1.

EN 1330-4:2000 Non-destructive testing - Terminology - Part 4: Terms used in ultrasonic testing (Бұзбайтын бақылау - Терминология – 4-бөлім: Ультрадыбыстық бақылау кезінде қолданылатын терминдер).

EN 12668 (all parts), Non-destructive testing - Characterization and verification of ultrasonic examination equipment ((барлық бөлімдер), Бұзбайтын бақылау – Сипаттамаларды анықтау және ультрадыбыстық бақылау үшін жабдықтарды анықтау).

3 Терминдер, анықтамалар және белгіленулер

3.1 Осы стандартта EN 1330-4 және ISO 17635 сәйкес терминдер қолданылады.

3.2 Белгіленулерді, олардың анықтамаларын және өлшем бірліктерді 1-кестеден қараңыз.

Индикациялар дәнекерленген жіктің X осіне қатысты олардың ең үлкен бөлігінің бағытына байланысты (2-суретті қараңыз) бойлық немесе көлденең болып саналады.

1-кесте — Белгіленулер, олардың анықтамалары және өлшем бірліктер

Белгілену	Анықтама	Өлшем бірлігі
D_{DSR}	Дискті шағылыстырушының диаметрі	мм
h	Индикацияның тереңдік бойынша өлшемі	мм
l	Индикацияның ұзындығы	мм
lx	Х осіне бағытталған индикацияның ұзындығының проекциясы	мм
^{l}y	Y осіне бағытталған индикацияның ұзындығының проекциясы	мм
^{p}	Шағылысуы бар толқынның жолы	мм
t	Негізгі материалдың қалыңдығы (ең жұқа бөлігі)	мм
x	Бойлық бағыттағы индикацияның қалпы	мм
^{y}	Көлденең бағыттағы индикацияның қалпы	мм
z	Тереңдік бойынша индикацияның қалпы	мм

4 Жалпы мәліметтер

Осы стандарттың мақсаты объектің температурасы 0°С-тан 60°С-қа дейін шекте болған кездегі ең кең таралған дәнекерленген жіктер үшін стандартты өлшемдерді қолданған дәнекерленген жіктерді ультрадыбыстық бақылаудың негізгі тәсілдерін сипаттау болып табылады. Осы стандартта тұжырымдалған арнайы талаптар жабдықтауға, дайындыққа, бақылауды жүргізуге және есепті құруға қатысты болады. Нормаланған параметрлер, соның ішінде ультрадыбыстық түрлендіргіштердің, ISO 11666 және ISO 23279 стандарттарының талаптарына сәйкес келеді.

5 Бақылауды бастау алдында қажетті ақпарат

5.1 Анықталатын мәліметтер

Оларға:
a) бақылау деңгейін келтірудің техникасы;
b) индикацияларды бағалау үшін қолданылатын техника;
c) қабылдау деңгейлері;
d) бақылау деңгейлері;
e) бақылау жүргізілуі қажет өндіріс пен қолданудың кезеңі (кезеңдері);
f) қызметкерлердің біліктілігі;
g) көлденең индикациялар үшін бақылаудың көлемі;
h) қосымша жүйелі бақылауға қойылатын талаптар (EN 583-4 қараңыз);
i) дәнекерлеуге дейін және (немесе) дәнекерлеуден кейін негізгі металды бақылау;
j) бақылаудың жазбаша рәсімінің қажеттілігі;
k) бақылаудың жазбаша рәсіміне қойылатын талаптар жатады.

5.2 Бақылауды жүргізу алдында қажетті арнайы ақпарат

Дәнекерленген қосылыстарды кез-келген бақылауды жүргізу алдында оператор келесі қажетті ақпаратқа қол жетімділігі болуы қажет:
a) бақылаудың жазбаша рәсімі, қажеттілігінше (5.3 қараңыз);

b) негізгі материалдың түрі (түрлері) және өнімнің формасы (яғни, балқыту, соғу, прокат);

c) бақылау жүргізілуі қажет өндіріс пен қолданудың кезеңі (кезеңдері), соның ішінде жылумен өңдеу, ол бар болса;

d) дәнекерлеуден кейінгі жылумен өңдеудің уақыты мен көлемі;

e) қосылысты дайындау және оның өлшемдері;

f) сыртқы беттің жағдайларына қойылатын талаптар;

g) дәнекерлеу тәртібі немесе дәнекерлеу процесі туралы сәйкес ақпарат;

h) есептілікке қойылатын талаптар;

i) бақылау деңгейлері;

j) бақылау көлемі, соның ішінде көлденең индикацияларға қойылатын талаптар, қолданылса;

k) бақылаудың деңгейі;

l) қызметкерлердің біліктілігінің деңгейі;

m) рұқсат етілмейтін индикацияларды анықтау кезіндегі түзетуші әрекеттер бойынша тәртіптер.

5.3 Бақылаудың жазбаша процедурасы

Осы стандарттың анықтамалары мен талаптары әдетте бақылаудың жазбаша процедурасының талаптарына сай келеді.

Басқа жағдайларда немесе осы стандартта сипатталған әдістер бақыланатын дәнекерленген қосылысқа жарамсыз болған жағдайда, оны техникалық тапсырма талап етсе, бақылаудың қосымша жазбаша рәсімі қолданылады.

6 Қызметкерлерге және жабдықтарға қойылатын талаптар

6.1 Қызметкерлердің біліктілігі

Осы стандартқа сәйкес бақылауды жүргізетін қызметкерлер өнеркәсіптің сәйкес саласындағы ISO 9712 немесе EN 473 немесе эквиваленттік стандартқа сәйкес ультрадыбыстық бақылауды жүргізудің сәйкесінше деңгейіне дейін мамандануы қажет.

Дәнекерленген жіктерді ультрадыбыстық бақылау туралы жалпы мағлұматтарға қоса, қызметкерлер бақылаудың мәселелерімен, әсіресе тексерілетін дәнекерленген қосылыстармен байланысты мәселелермен, таныс болуы қажет.

6.2 Жабдықтар

Осы стандартқа сәйкес бақылауды жүргізу үшін қолданылатын жабдықтар EN 12668 (барлық бөлімдері) талаптарына сәйкес болуы қажет.

6.3 Ультрадыбыстық түрлендіргіштің параметрлері

6.3.1 Жиілік

Жұмыс жиілігі 2 МГц пен 5 МГц аралығында болуы қажет және қабылдаудың нақты деңгейлеріне сәйкес таңдалуы қажет.

Бақылау ISO 11666 стандартында сияқты ұзындық пен амплитудаға негізделген қабылдаудың деңгейлеріне сәйкес жүргізілсе, алғашқы бақылау үшін жиілік мүмкіндігінше төмен болып, белгіленген диапазонда болуы қажет.

Одан жоғары жиіліктер, қабылдау деңгейлері ақау параметрлерін бағалауға негізделген стандарттарды, мысалы ISO 11666 қолданған кезде қажет болса, айыру қабілетін жақсарту үшін қолданылуы мүмкін. 1 МГц тәртібіндегі жиіліктер ультрадыбыс толқынның өту жолының ұзындығы ұзақ, ал ультрадыбыстың материалдағы өшуі ортадан жоғары болғанда қолданылуы мүмкін.

6.3.2 Құлау бұрыштары

Егер бақылау көлденең толқындарды қолданып жүргізілсе және ультрадыбыс толқындар қарама-қарсы беттен шағылысуы қажет тәсілдер қолданылса, толқынның қарама-қарсы шағылыстырушы бетке құлау бұрышы 35° кем емес және 70° артық емес болуын мұқият бақылау қажет. Енгізудің бір бұрышынан артығын қолданған кезде, кем дегенде көлбеу түрлендіргіштердің біреуі белгіленген талапқа сәйкес келуі қажет. Көлбеу түрлендіргіштердің біреуі, мүмкіндігінше тік бұрышқа жақын бұрышпен ультрадыбыс толқынның түсуі кезінде балқу беттерінің бақылауды қамтамасыз ету қажет. Егер екі немесе одан да көп енгізу бұрыштары қажет болса, номиналды бұрыштардың аралығы 10° тең немесе артық болуы қажет.

Ультрадыбыстық түрлендіргіштің енгізу бұрышы және қарама-қарсы шағылыстырушы бетке құлау бұрышы, ол қисық сызықты болса, дәнекерленген жіктің көлденең қимасының сызбасы бойынша немесе EN 583-2 стандартында белгіленген әдістермен анықталуы мүмкін. Егер құлау бұрыштары осы стандартта көрсетілгендей анықтала алмаса, бақылау туралы есеп қолданылатын сканерлеудің сипаттамасын және пайда болған қиындықтар сипатталған бөлшектеп бақыланған облыстың өлшемін қамтуы қажет.

6.3.3 Элемент өлшемдері

Элемент өлшемдері жолдың акустикалық ұзындығына және жиілікке сәйкес таңдалады.

Элемент неғұрлым кішкентай және жақын өрістің ұзындығы және ені неғұрлым кіші болса, белгіленген жиіліктегі алыс аймақтағы шоқтың таралуы үлкенірек болады.

Сондықтан, элементтерінің диаметрі 6 мм-ден 12 мм-ге дейін (немесе эквиваленттік ауданды тікбұрышты элементтері бар) кіші іздеуіш сәуленің қысқа траекториясының шегінде жұмыс кезінде ең пайдалы болып табылады. Одан үлкенірек шектер үшін, яғни 100 мм-ден артық бір қалыпты сәулелік іздеуіш үшін және 200 мм-ден артық бұрыштық сәулелік іздеу іштер үшін өлшемі 12 мм-ден 24 мм-ге дейін элемент қолайла болып табылады.

6.3.4 Ультрадыбыстық түрлендіргіштердің қисық сызықты беттермен байланысуы

Бақыланатын объектінің беті және ультрадыбыстық түрлендіргіштің призмасының жұмыс беті арасындағы g саңылауы 0,5 мм-ден аспауы қажет. Цилиндрлік және сфералық беттер үшін бұл талапты келесі Теңдеудің көмегімен тексеруге болады:

$$g = \frac{a^2}{D}, \qquad (1)$$

a – бақылауға бағытталған іздеуіш бағыттаушысының миллиметрлердегі өлшемі;

D – компонентің миллиметрлердегі диаметрі.

Егер есептеудің нәтижесінде g үшін мән 0,5 мм-ден артық болса, түрлендіргіштің призмасы бетке «ысылуы» қажет және сәйкесінше дефектоскоптың сезімділігін және жаймасын баптау қажет.

6.3.5 Байланысу ортасы

Байланыс ортасы EN 583-1 сәйкес келуі қажет. Жайманы және сезімділікті баптау үшін, сонымен қатар, бақылау үшін бір байланысу ортасын қолдану қажет.

7 Бақыланатын көлем

Бақыланатын көлем (1-суретті қараңыз) дәнкерленген жік пен дәнекерленген жіктің әр бетінен кем дегенде 10 мм негізгі материалдан тұратын аумақ немесе жылу әсері аумағының ені (олардың үлкені алынады) ретінде анықталады.

Кез келген жағдайда сканерлеу барлық бақыланатын көлемнен асу қажет. Егер бұл көлемнің бөлек қималары сканерлеудің кем дегенде бір бағытында бақылана алмаса немесе қарама-қарсы бетке құлау бұрыштары қойылған талаптарға сәйкес келмесе, бұзбайтын бақылаудың балама немесе қосымша ультрадыбыстық немесе басқа әдістерін қолдану келісілуі қажет. Кейбір жағдайларда бұл білікшені алуды, дәнекерленген жікті күшейтуді қажет етеді.

Қосымша әдістер ретінде екі пьезоэлементі бар көлбеу түрлендіргішпен, бас толқындарды түрлендірушімен бақылау, сонымен қатар, басқа ультрадыбыстық әдістер немесе басқа қолайлы әдіс, мысалы, сұйық пенетранты бар капиллярлық, магнит-ұнтақтық немесе радиографиялық, қолданылуы мүмкін. Балама немесе қосымша әдісті таңдаған кезде дәнекерленген жіктің типіне және анықталуға тиісті барлық ақаулардың ықтимал бағдарына аса назар аудару қажет.

8 Сканерлеу беттерін дайындау

Сканерленетін беттер ультрадыбыстық шоқтың орталық сәулесі барлық бақыланатын көлемді кесіп өтуі үшін жеткілікті кең болуы қажет (1-суретті қараңыз). Алайда, олардың ені, бақылаудың толық көлемі қосылыстың үстіңгі және астыңғы бетінен қамтамасыз етілсе, одан кіші болуы мүмкін.

Сканерленетін беттер тегіс болып, ультрадыбыстық түрлендіргіштің бетпен байланысуына кедергі келтіретін факторлардан (мысалы, тот, отқабыршақ, дәнекерлеу шашырандылары, тілімдер, атыздар) бос болуы қажет. Бақыланатын беттің толқындылығы түрлендіргіш пен бақыланатын бет арасында 0,5 мм-ден артық саңылау жасамауы қажет. Осы талаптар, бұл қажет болса, тазартумен қамтамасыз етілуі қажет (6.3.4, соңғы абзацты қараңыз). Түрлендіргіш астында 1 мм-ге дейін саңылау жасай алатын бет контурының жергілікті өзгерістері, мысалы, дәнекерленген жіктің жиегі бойымен, дәнекерленген жіктің осы жиегі жағынан енгізудің басқа бұрышы бар кем дегенде бір түрлендіргіш қолданған жағдайда ғана рұқсат етіледі. Осындай қосымша сканерлеу үлкейтілген саңылаудың салдарынан жіктің кішірейген ара жабынын өтеу үшін қажет.

Сканерлеудің беттері және ультрадыбыстық толқын шағылысатын беттер байланысуды және шағылысуды қамтамасыз етуі қажет.

9 Негізгі металды бақылау

Сканерлеу аумағындағы негізгі металды (1-суретті қараңыз), дәнекерленген қосылысты көлбеу ультрадыбыстық түрлендіргішпен бақылауға материалдың ақаулары немесе кішігірім өшу әсер етпейтініне көз жеткізу (мысалы, өндіру процесінде алдын ала бақылаудың көмегімен) үшін, дәнекерлеуге дейін немесе дәнекерлеуден кейін тік ультрадыбыстық түрлендіргіштермен бақылау қажет.

Осындай ақаулар анықталған кезде олардың әсері бағаланып, қажеттілігі бойынша сәйкес шаралар қолданылуы қажет. Егер көлемнің қанағаттанарлық бақылауы қамтамасыз етілмесе, бақылаудың басқа әдістері (мысалы, радиография) қолданылуы қажет.



Шартты белгілер
1 позиция 1
2 позиция 2
3 позиция 3
a – бақылау аймағының ені
b – сканерленетін аймақтың ені

1-сурет – Бойлық индикацияларда сканерлеу кезінде қамтылатын бақылау көлемінің мысалы (Миллиметрлердегі өлшемдер)

10 Толқын жолының ұзындығын және сезімділікті баптау

10.1 Жалпы ережелер

Жайманы және сезімділікті баптау әр бақылау алдында, температураның әсерін ескере отырып, осы стандартқа және EN 583-2 сәйкес жүргізілуі қажет. Толқын жолының ұзындығын және сезімділікті баптаған кезде, сонымен қатар, бақылауды жүргізген кезде ±15 °С шегінде болуы қажет.

Осы баптауларды тексеру кем дегенде әр 4 сағат сайын және бақылауды аяқтаған кезде жүргізілуі қажет. Баптауларды тексеру, сонымен қатар, жүйенің параметрлері өзгерсе немесе баптаулардың өзгерісі туралы күдік болса, жүргізілуі қажет.

Тексеру процесінде ауытқулар анықталса, 2-кестемен сәйкес түзетулер енгізу қажет.

2-кесте – Жайманы және сезімділікті түзету

Сезімділік		
1	Ауытқу ≤ 4дБ	Баптау бақылауды жаңартқанға дейін түзетілуі қажет
2	Сезімділікті азайту > 4дБ	Баптау түзетіліп, барлық уақыт аралығында жабдықта жүргізілген барлық бақылау процедураларын қайталау қажет
3	Сезімділікті көбейту > 4дБ	Баптау түзетіліп, тіркелген индикациялары бар аймақтар жаңадан бақылануы қажет
Жайма		
1	Жайманың ауытқуы ≤ 2%	Баптау бақылауды жаңартқанға дейін түзетілуі қажет
2	Жайманың ауытқуы > 2%	Баптау түзетіліп, алдыңғы кезеңде жабдықта жүргізілген бақылау қайталанып жүргізілуі қажет

10.2 Сезімділікті баптау үшін тірек деңгейі

Тірек деңгейлерін орнатудың келесі әдістерінің біреуі қолданылуы қажет.

Санау нүктесін баптаудың келесі әдістерінің біреуі қолданылады.

а) 1-әдіс: тірек деңгейі диаметрі 3 мм цилиндрлік бүйір шағылыстырушы үшін DAC-қисығының арақашықтығынан амплитуданың тәуелділік қисығы болып табылады.

b) 2-әдіс: дискті шағылыстырушысы (DSR) бар «арақашықтық-күшейту-өлшем» (DGS)[1)] жүйесін қолданған кезде көлденең және бойлық толқындар үшін тірек деңгейлері сәйкесінше 3 және 4-кестеде көрсетілген.

с) 3-әдіс: тірек деңгейі ені 1 мм және тереңдігі 1 мм тікбұрышты ойық үшін DAC-қисығы бойынша деңгейге тең. Осы әдіс 8 мм ≤ t < 15 мм шегіндегі қалыңдық үшін және ≥ 70° сәуле бұрыштары үшін қолданылады.

[1)] «DGS» атауының эквиваленті «АРД-диаграмма» атауы болып табылады

d) 4-әдіс: «тандем» тәсілімен бақылау кезінде тірек деңгейі сканерлеу бетіне перпендикуляр диаметрі 6 мм (барлық қалыңдықтар үшін) тегіс түпті тесік болып табылады. Осы әдіс тек 45° сәуле бұрышы үшін және ≥15 мм қалыңдық үшін қолданылады.

Бүйір бұрғыланған тесіктің ұзындығы және ойықтар -20 дБ кезінде өлшенген дыбыс сәулесінің енінен үлкен болуы қажет.

3-кесте – Көлденең толқындарды көлбеу түрлендіргішпен сканерлеуді қолданатын 2-әдіс үшін 2 және 3-қабылдау деңгейлері үшін тірек деңгейлері

Түрлендіргіштің номиналды жиілігі, МГц	**Негізгі материалдың қалыңдығы, *t***					
	8 мм ≤ *t* < 15 мм		15 мм ≤ *t* < 40 мм		40 мм ≤ *t* < 100 мм	
	AL 2	AL 3	AL 2	AL 3	AL 2	AL 3
1,5-2,5	-	-	D_{DSR} = 2,5 мм	D_{DSR} = 2,5 мм	D_{DSR} = 3,0 мм	D_{DSR} = 3,0 мм
3,0-5,0	D_{DSR} =1,5 мм	D_{DSR} =1,5 мм	D_{DSR} = 2,0 мм	D_{DSR} = 2,0 мм	D_{DSR} = 3,0 мм	D_{DSR} = 3,0 мм
D_{DSR} – диск тәрізді шағылыстырушының диаметрі.						

4-кесте – Бойлық толқындардың тік сәулелерімен сканерлеуді пайдаланатын 2-әдіс үшін 2 және 3-қабылдау деңгейлері үшін тірек деңгейлері

Түрлендіргіштің номиналды жиілігі, МГц	**Негізгі материалдың қалыңдығы, *t***					
	8 мм ≤ *t* < 15 мм		8 мм ≤ *t* < 15 мм		8 мм ≤ *t* < 15 мм	
	AL 2	AL 3	AL 2	AL 3	AL 2	AL 3
1,5-2,5	-	-	D_{DSR} = 2,5 мм	D_{DSR} = 2,5 мм	D_{DSR} = 3,0 мм	D_{DSR} = 3,0 мм
3,0-5,0	D_{DSR} = 2,0 мм	D_{DSR} = 2,0 мм	D_{DSR} = 2,0 мм	D_{DSR} = 2,0 мм	D_{DSR} = 3,0 мм	D_{DSR} = 3,0 мм
D_{DSR} – диск тәрізді шағылыстырушының диаметрі.						

10.3 Бағалау деңгейлері

ISO 11666 стандартында көрсетілген мәндерге тең немесе олардан асатын барлық индикациялар бағалануы қажет (1 – 4-әдістері үшін А.1-кестесін қараңыз).

10.4 Өшуді түзету

Тірек деңгейлерін анықтау үшін түрлі стандартты үлгілерді қолданған кезде бақыланатын объект және стандартты үлгі арасында орындардың жеткілікті мөлшерінде өшу айырмасын өлшеу жүргізілуі қажет. Осыған қолайлы тәсілдер EN 583-2 стандартында сипатталған.

Егер айырма 2 дБ кем болса, түзету қажет емес.

Егер айырма 2 дБ артық, бірақ 12 дБ кем болса, ол өтелуі қажет.

Егер өшудің салдарынан шығындар 12 дБ асса, оның себебін орнатып, ол қажет болса, сканерлеу бетін қосымша дайындау қажет.

Егер үлкен түзетулер үшін айқын себептер болмаса, бақыланатын объектінің түрлі жерлерінде өшу өлшеніп, айтарлықтай өзгерістер анықталатын жерлерде түзету әрекеттері жүргізілуі қажет.

10.5 «Сигнал-шуыл» қатынасы

Дәнекерленген қосылысты бақылаған кезде шуыл деңгейі, беттерден шағылысуды санамағанда, бағалау деңгейінен (брактау деңгейінен) 12 дБ төмен болуы қажет. Осы талап келісетін тараптар арасында келісу тақырыбы болуы мүмкін.

11 Бақылау деңгейлері

Дәнекерленген қосылыстардың сапасы бойынша талаптар, ең алдымен, материалмен, дәнекерлеу процесімен және қолдану шарттарымен байланысты болады. Осы талаптардың барлығын қанағаттандыру үшін осы стандарт бақылаудың төрт деңгейін (A, B, C және D) белгілейді.

A бақылау деңгейінен C бақылау деңгейіне дейін ақауды анықтаудың үлкейетін ықтималдығына жүргізілетін жұмыстардың көлемін ұлғайтумен қол жеткізіледі, мысалы, сканерлеу, бетті дайындау операцияларының мөлшерін үлкейту.

D бақылау деңгейі осы стандарттың жалпы талаптарын ескеретін жазбаша әдістемені қолданатын арнайы қолдану үшін келісілуі мүмкін.

Әдетте бақылау деңгейлері сапа деңгейлерімен (мысалы, ISO 5817 стандарты) байланысты.

Бақылаудың сәйкес деңгейі дәнекерленген қосылыстарды бақылау стандартымен (мысалы, ISO 17635), бұйым стандартымен немесе басқа құжаттармен белгіленуі мүмкін.

Егер ISO 17635 стандарты таңдалса, ұсынылатын бақылау деңгейлері 5-кестеде көрсетілген.

5-кесте – Ұсынылатын бақылау деңгейлері

Бақылау деңгейі	ISO 5817 бойынша сапа деңгейі
A	C, D
B	B
C	Келісу бойынша
D	Қолданудың арнайы мақсаттары

A бақылау деңгейінен C бақылау деңгейіне дейін бақылау деңгейлері бойынша арнайы талаптар қосылыстардың түрлі типтері үшін A қосымшасында көрсетілген. Көрсетілген қосылыстардың типтері тек дәріптелген мысалдар болып табылатынын айтып кеткен жөн. Дәнекерлеудің іс жүзіндегі жағдайлары немесе қол жетімдіктің жағдайлары көрсетілген жағдайларға дәл емес сәйкес келген кезде, бақылау тәсілі бақылаудың нақты қажет етілетін деңгейін қанағаттандыру үшін түрлендірілуі қажет. Осындай жағдайлар үшін бақылаудың жазбаша әдістемесі дайындалуы қажет.

12 Бақылау әдістері

12.1 Жалпы ережелер

Ультрадыбыстық бақылау 12.2-12.5 көрсетілген сипаттамалары бар EN 583-1 сәйкес жүргізіледі.

12.2 Қолмен сканерлеудің траекториясы

Көлбеу түрлендіргішпен сканерлеу кезінде (1-суретте көрсетілгендей) түрлендіргішті 10° дейін бұрышқа ультрадыбыстық шоқтың номиналды бағытынан екі жаққа қарай сәл бұру (тербету) қажет.

12.3 Бақыланатын бетке перпендикуляр тұтассыздықтарды бақылау

Бақыланатын бетке перпендикуляр бет асты жазықтық тұтассыздықтарды бір көлбеу түрлендіргішті қолданатын тәсілдермен анықтау қиын. Осындай тұтассыздықтар үшін, соның ішінде қалың материалдардың дәнекерленген қосылыстары үшін, бақылаудың арнайы тәсілдері қарастырылуы қажет. Осындай тәсілдерді қолдану келісілетін тараптар арасында келісілуі қажет.

12.4 Индикациялардың орналасуын анықтау

Барлық индикациялардың орналасуы координаттар жүйесіне қатысты, мысалы, 2-суретте көрсетілгендей, анықталуы қажет. Бақыланатын бетте осы өлшеулер үшін координаттардың басы болып табылатын нүкте таңдалуы қажет.

Егер бақылау бір беттен артық беттерде жүргізілсе, санау нүктелері әрбір бетте анықталуы қажет. Бұл жағдайда барлық индикациялардың абсолюттік орналасуын кез келген таңдалған санау нүктесі бойынша анықтауға мүмкін болатындай санау нүктелері арасындағы позициялық арақатынасты орнатылуын қадағалау қажет.

Сақиналық дәнекерленген қосылыстар жағдайында құрылымды дәнекерлеу үшін жинауға дейін ішкі және сыртқы санау нүктелерін орнатуды қажет етуі мүмкін.



О – санаудың басы

ЕСКЕРТПЕ *h, l, lx, ly, x, y, z* анықтау үшін 1-кестені қараңыз.

2-сурет – Индикациялардың орналасуын анықтау үшін координаттар жүйесі

12.5 Индикацияларды бағалау

12.5.1 Жалпы ережелер

Тірек деңгейінен жоғары барлық сәйкес индикациялар 12.5.2-12.5.4 сәйкес бағаланады.

12.5.2 Жаңғырық-сигналдың максималды амплитудасы

Жаңғырық-сигналдың амплитудасы түрлендіргіштің орын ауыстыруымен көбейтіліп, келісілген тірек деңгейіне сәйкес тіркелуі қажет.

12.5.3 Индикацияның ұзындығы

Жік осіне қатысты кез келген бойлық немесе көлденең бағыттағы (l_x, l_y) индикацияның ұзындығы, басқа келісім болмаса, қабылдау деңгейлері бойынша стандартта көрсетілген тәсілді қолдану арқылы мүмкіндік бойынша анықталуы қажет.

12.5.4 Индикацияның биіктігі

Индикацияның биіктігін өлшеу тек келісім бойынша жүргізіледі.

12.5.5 Индикацияларды сипаттау

Қажет етілсе, индикациялар ISO 23279 сәйкес сипатталады.

13 Сынақ хаттамасы

Сынақ хаттамасы кем дегенде келесі мәліметтерді қамтуы қажет:

а) бақыланатын объектіні сәйкестендіру:

1) бұйымның материалы және формасы,

2) өлшемдер,

3) бақыланатын дәнекерленген жіктің/дәнекерленген қосылыстың орналасуы,

4) геометриялық конфигурацияны көрсететін сызба (қажет болса),

5) дәнекерлеу технологиясына, техникалық тапсырмаға және термо өңдеуге сілтеме,

6) өндіруші,

7) беттің жағдайы,

8) объектінің температурасы;

b) келісім-шарт талаптары, мысалы, техникалық тапсырма, нұсқаулықтар, арнайы келісімдер және т.б.;

c) бақылауды жүргізудің орны және күні;

d) бақылауды жүргізген ұйымның атауы, оператор және оның біліктілігі туралы мәліметтер;

e) қажет болса, сәйкестендірме нөмірі көрсетілген ультрадыбыстық құралдың өндірушісі және типі;

f) қажет болса, сәйкестендірме нөмірі көрсетілген қолданылатын іздеуіштердің өндірушісі, типі, номиналды жиілігі, элементінің өлшемі және көбеюдің нақты бұрышы;

g) қажет болса, кәсіпорынның қолданылатын стандартты үлгілерді сәйкестендіру сызбасымен;

h) байланысу ортасы;

i) бақылау деңгейлері және қолдану кезінде жазбаша процедураға сілтеме;

j) бақылау көлемі;

k) сканерленетін беттердің орналасуы;

l) 12.4-тармағына сәйкес қолданылатын координаттар жүйесінің бастапқы нүктелері мен бөлшектері;

m) А қосымшасына сәйкес немесе сызба бойынша іздеуіш орындарын сәйкестендіру;

n) уақыт жаймасының диапазоны;

o) сезімділікті баптау үшін қолданылатын әдіс пен мәндер (жолдың акустикалық ұзындығы үшін қолданылатын бастапқы деңгейлер мен мәндер үшін күшейту коэффициентін баптау);

p) бастапқы деңгейлер;

q) негізгі материалды бақылау нәтижелері;

r) қабылдау деңгейлері үшін стандарттар;

s) осы стандарттан ауытқулар немесе келісім-шарт талаптары;

t) сәйкес түрлендіргіштің сипаттамасы және түрлендіргіштердің орны көрсетілген 12.4 сәйкес тұтассыздықтардың координаттары;

u) 12.5.2 сәйкес шағылыстырылған сигналдың максималды амплитудасы және тұтассыздықтың типі және өлшемі туралы ақпарат (қажеттілігі бойынша);

v) 12.5.3 сәйкес тұтассыздықтардың ұзындықтары;

w) белгіленген бағалау деңгейлеріне сәйкес бағалау нәтижелері;

x) осы стандартқа (СТ РК ISO 17640) сілтеме.

А қосымшасы
(міндетті)

Дәнекерленген қосылыстардың түрлі типтері үшін қабылдау деңгейлері

А.1-А.7-суреттерін және А.1-А.7-кестелерін қараңыз.



Шартты белгілер

1	1-орын
2	2-орын
3	3-орын
4	4-орын
A, B, C, D, E, F, G, H, W, X, Y, Z	іздеуіштердің орындары
b	p, бір мәрте шағылыстырудың арақашықтығына қатысты сканерлеу аймағының (SZW) ені
p	бір мәрте шағылыстырудың арақашықтығы

А.1-сурет – Плиталар мен құбырлардағы жапсарлы қосылыстар

А.1-кесте – Тілімдер мен құбырлардағы жапсарлы қосылыстар (белгілер үшін А.1-суреттің шартты белгілерін қараңыз)

Бақылау деңгейі	Негізгі материалдың қалыңдығы, мм	Бойлық индикациялар						Көлденең индикациялар			
		Қажетті мөлшері				Сканерлеудің жалпы саны	Ескертпелер	Қажетті мөлшері		Сканерлеудің жалпы саны	Ескертпелер
		Іздеуіш бұрыштары	Іздеуіш орындары	Сканерлеу аймағының ені	Іздеуіш орындары			Іздеуіш бұрыштары	Іздеуіш орындары		
		L-сканерлеу			N-сканерлеу			T-сканерлеу			
A	$8 \le t < 15$	1	A немесе B	1,25 p	—	2	a	1	(X пен Y) немесе (W мен Z)	4	c
	$15 \le t < 40$	1	A немесе B	1,25 p	—	2	a	1	(X пен Y) немесе (W мен Z)	4	c
B	$8 \le t < 15$	1	A немесе B	1,25 p	—	2	e	1	(X пен Y) немесе (W мен Z)	4	c
	$15 \le t < 40$	2[f]	A немесе B	1,25 p	—	4	be	1	(X пен Y) немесе (W мен Z)	4	c
	$40 \le t < 60$	2	A немесе B	1,25 p	—	4	b	2	(X пен Y) немесе (W мен Z)	8	c
	$60 \le t \le 100$	2	A немесе B	1,25 p	—	4	b	2	(C мен D) немесе (E мен F)	4	cd
C	$8 \le t < 15$	1	A немесе B	1,25 p	G немесе H	3	d	1	(C мен D) немесе (E мен F)	2	d
	$15 \le t \le 40$	2	A немесе B	1,25 p	G немесе H	5	bd	2	(C мен D) немесе (E мен F)	4	d
	> 40	2	A немесе B	1,25 p	G немесе H	5	bd	2	(C мен D) немесе (E мен F)	4	d

А.1-кесте *(жалғасы)*

Бақылау деңгейі	Негізгі материалдың қалыңдығы, мм	Бойлық индикациялар				Сканерлеудің жалпы саны	Ескертпелер	Көлденең индикациялар		Сканерлеудің жалпы саны	Ескертпелер
		Қажетті мөлшері						Қажетті мөлшері			
		Іздеуіш бұрыштары	Іздеуіш орындары	Сканерлеу аймағының ені	Іздеуіш орындары			Іздеуіш бұрыштары	Іздеуіш орында-ры		
		L-сканерлеу			N-сканерлеу			Т-сканерлеу			

[a] Келісім бойынша бір тараптан бір сканерлеуге дейін шектелуі мүмкін.
[b] Арнайы келісім бойынша «тандем» тәсілімен қосымша бақылау.
[c] Тек арнайы келісім бойынша қажет етіледі.
[d] Дәнекерленген жіктің соңғы қабатының беті 8-бөлімнің талаптарына сәйкес келеді. Бұл соңғы қабатты тазартуды қажет етуі мүмкін. Алайда, біржақты сақиналық дәнекерленген жіктер үшін жіктің тек сыртқы соңғы қабаты тазартылуы қажет.
[e] Тек бір жақ қол жетімді болса, енгізудің екі бұрышы қолданылуы қажет.
[f] $15 < t \leq 25$ диапазонында жиілік 3 МГц кем жағдайында бір бұрыш жеткілікті.

ЕСКЕРТПЕ L-сканерлеу: көлбеу түрлендіргіштер қолданылған бойлық индикацияларды анықтау үшін сканерлеу;
N-сканерлеу: тік түрлендіргіш қолданылған сканерлеу;
Т-сканерлеу: көлбеу түрлендіргіштер қолданылған көлденең индикацияларды анықтау үшін сканерлеу;
р – қабырғадан шағылысқан ультрадыбыстық толқынның жолы.



a) Артқы жағынан түрі **b) Бүйір жағынан түрі**

Шартты белгілер

1	1-элемент, цилиндр/табақ
2	2-элемент, келте құбыр
A, B, C, D, E, F, U, V, W, X, Y, Z	іздеуіштің орындары
a, b, c, d, e	сканерлеу аймақтарының енінің белгіленулері
t	қалыңдық

А.2-сурет – Құрылымдық тавр нысанды қосылыстар

А.2-кесте - Құрылымдық таврлық нысанды қосылыстар (белгілер үшін А.2-суреттің шартты белгілерін қараңыз)

Бақылау деңгейі	Негізгі материалдың қалыңдығы, мм	Бойлық индикациялар						Көлденең индикациялар				
		Қажетті мөлшер					Сканерлеудің жалпы саны	Қажетті мөлшер			Сканерлеудің жалпы саны	Ескертпелер
		Іздеуіш бұрыштары	Іздеуіш орындары	Сканерлеу аймағының ені	Іздеуіш орындары	Сканерлеу аймағының ені		Іздеуіш бұрыштары	Іздеуіш орындары	Сканерлеу аймағының ені		
		L-сканерлеу			N- сканерлеу			T- сканерлеу				
A	$8 \le t < 15$	1	A немесе B	1,25 p	C[c]	—	1	—	—	—	—	a
	$15 \le t < 40$	1	A немесе B	1,25 p	C[c]	c	2	—	—	—	—	a
	$8 \le t < 15$	1	A немесе B	1,25 p	C[c]	—	2	1	F және G	c	2	b
B	$15 \le t < 40$	1	A және B	1,25 p	C[c]	c	3	1	(F пен G) немесе (X пен Y) немесе (W мен Z)	c $f+g$	2	b
	$40 \le t \le 100$	2	A және B	0,75 p	C[c]	c	5	1	(F пен G) немесе (X пен Y) немесе (W мен Z)	c $f+g$	2	B
	$8 \le t < 15$	1	A және B	1,25 p	C[c]	c	3	2	F және G	c $f+g$	4	B
C	$15 \le t < 40$	2 1	(A мен B) және (D мен E)	1,25 p $d+e$	C[c]	c	7	1	(F пен G) және (X пен Y) немесе (W мен Z)	c $f+g$	4	B
	$40 \le t \le 100$	2 1	(A мен B) және (D мен E)	0,75 p $d+e$	C[c]	c	7	2	(F пен G) және (X пен Y) немесе (W мен Z)	c $f+g$	8	B

А.2-кесте *(жалғасы)*

Бақылау деңгейі	Негізгі материалдың қалыңдығы, мм	Бойлық индикациялар						Көлденең индикациялар				
		Қажетті мөлшер					Сканерлеудің жалпы саны	Қажетті мөлшер			Сканерлеудің жалпы саны	Ескертпелер
		Іздеуіш бұрыштары	Іздеуіш орындары	Сканерлеу аймағының ені	Іздеуіш орындары	Сканерлеу аймағының ені		Іздеуіш бұрыштары	Іздеуіш орындары	Сканерлеу аймағының ені		

[a] Қолданылмайды.
[b] Тек қосымша келісім бойынша ғана жүргізілуі қажет.
[c] С деңгейі мүмкін емес болса, А немесе В деңгейлеріндегі «тандем» тәсілімен ауыстырылуы мүмкін.

ЕСКЕРТПЕ L-сканерлеу: көлбеу түрлендіргіштер қолданылған бойлық индикацияларды анықтау үшін сканерлеу;
N-сканерлеу: тік түрлендіргіш қолданылған сканерлеу;
T-сканерлеу: көлбеу түрлендіргіштер қолданылған көлденең индикацияларды анықтау үшін сканерлеу;
р – қабырғадан шағылысқан ультрадыбыстық толқынның жолы.



a) Көлденең қима **b) Үстіңгі жақтан түрі**

Шартты белгілері	
1	1-элемент, цилиндр/табақ
2	2-элемент, келте құбыр
3	стандартты іздеуіш
A, B, C, D, E, F, U, V, W, X, Y, Z	іздеуіш орындары
a, b, c, d, e	сканерлеу аймақтарының енінің белгіленулері
t	қалыңдық

А.3-сурет – Келте құбырдың (қондырылған) дәнекерленген қосылысы

А.3-кесте – Келте құбырдың (тура) дәнекерленген қосылысы (белгілер үшін А.3-суреттің шартты белгілерін қараңыз)

Бақылау деңгейі	Негізгі материалдың қалыңдығы, мм	Бойлық индикациялар						Көлденең индикациялар			
		Қажетті мөлшер					Сканерлеудің жалпы саны	Қажетті мөлшер		Сканерлеудің жалпы саны	Ескертпе
		Іздеуіш бұрыштары	Іздеуіш орындары	Сканерлеу аймағының ені	Іздеуіщ орындары	Сканерлеу аймағының ені		Іздеуіш бұрыштары	Іздеуіш орындары		
		L-сканерлеу			N- сканерлеу			T- сканерлеу			
A	$8 \le t < 15$		A	1,25 *p*	C	*c*	1	—	—		a
	$15 \le t \le 40$		A немесе F немесе D	1,25 *p* *d*	C	*c*	2	—	—		a
B	$8 \le t < 15$		A немесе D	1,25 *p* *d* + *e*	C	*c*	2	1	(U мен V) немесе (X пен Y) немесе (W мен Z)	2	b
	$15 \le t < 40$		A немесе (D мен E)	1,25 *p* *d* + *e*	C	*c*	2 немесе 3	1	(U мен V) немесе (X пен Y) немесе (W мен Z)	2	b
	$40 \le t < 60$		(A немесе B) және (D мен E)	1,25 *p* *d* + *e*	C	*c*	4	1	(X пен Y) және (W мен Z)	4	b
	$60 \le t \le 100$		(A мен B) және (D мен E)	0,5 *p* *d* + *e*	C	*c*	7	2	(X пен Y) және (W мен Z)	8	b
C	$8 \le t < 15$		(A немесе B) және (D немесе E)	1,25 *p* *d немесе* *e*	C	*c*	3	1	(U мен V) немесе (X пен Y) және (W мен Z)	2 немесе 4	b
	$15 \le t \le 40$	2	(A немесе B) және (D немесе E)	0,5 *p* *d немесе* *e*	C	*c*	5	2	(X пен Y) және (W мен Z)	8	b

А.3-кесте *(жалғасы)*

Бақылау деңгейі	Негізгі материалдың ені, мм	Бойлық индикациялар						Көлденең индикациялар			
		Қажетті мөлшер					Сканерлеудің жалпы саны	Қажетті мөлшер		Сканерлеудің жалпы саны	Ескертпе
		Іздеуіш бұрыштары	Іздеуіш орындары	Сканерлеу аймағының ені	Іздеуіш орындары	Сканерлеу аймағының ені		Іздеуіш бұрыштары	Іздеуіш орындары		
		L-сканерлеу			N-сканерлеу			Т-сканерлеу			
	> 40	2	(A немесе B) және (D немесе E)	0,5 *p* *d* + *e*	C	*c*	9	2	(X пен Y) және (W менZ)	8	b

[a] Қолданылмайды.
[b] Тек арнайы келісім бойынша санақ жүргізіледі.

ЕСКЕРТПЕ L-сканерлеу: көлбеу түрлендіргіштер қолданылған бойлық индикацияларды анықтау үшін сканерлеу;
N-сканерлеу: тік түрлендіргіш қолданылған сканерлеу;
Т-сканерлеу: көлбеу түрлендіргіштер қолданылған көлденең индикацияларды анықтау үшін сканерлеу;
p – қабырғадан шағылысқан ультрадыбыстық толқынның жолы.



a) Көлденең қима **b) Артқы жағынан түрі**

Шартты белгілер

1	1-элемент, келте құбыр
2	2-элемент, корпус
3	стандартты іздеуіш
A, B, C, D, E, F, U, V, W, X, Y, Z	іздеуіш орындары
a, b, c, d, e	сканерлеу аймақтарының енінің белгіленулері
t	қалыңдық

А.4-сурет – Құрылымдық бұрыштық қосылыстар

А.4-кесте – Құрылымдық бұрыштық қосылыстар (белгілер үшін А.4-суреттің шартты белгілерін қараңыз)

Бақылау деңгейі	Негізгі материалдың қалыңдығы, мм	Бойлық индикациялар						Көлденең индикациялар			
		Қажетті мөлшер					Сканерлеудің жалпы саны	Қажетті мөлшер		Сканерлеудің жалпы саны	Ескертпелер
		Іздеуіш бұрыш-тары	Іздеуіш орындары	Сканерлеу аймағы-ның ені	Іздеуіш орын-дары	Сканерлеу аймағының ені		Іздеуіш бұрыш-тары	Іздеуіш орын-дары		
		L-сканерлеу			N- сканерлеу			T- сканерлеу			
A	$8 \le t < 15$	1	A немесе B немесе H	$1{,}25\,p$	C	c	1	-	-	-	a
	$15 \le t \le 40$	1	A немесе B немесе H	$1{,}25\,p$	C	c	2	-	-	-	a
B	$8 \le t < 15$	1	A немесе B немесе H	$1{,}25\,p$	C	c	1	1	(F пен G) немесе (X пен Y)	2	B
	$15 \le t < 40$	2	A немесе B немесе H	$1{,}25\,p$	C	c	3	2	(F пен G) немесе (X пен Y)	4	B
	$40 \le t \le 100$	2	(H немесе A) және B	$0{,}75\,p$	C	c	5	2	D және E	4	Bc
C	$8 \le t < 15$	1	(H немесе A) және B	$1{,}25\,p$	C	c	3	1	D және E	2	Bc
	$15 \le t < 40$	2	(H немесе A) және B	$1{,}25\,p$	C	c	5	1	D және E	2	Bc
	$40 \le t \le 100$	3	(H немесе A) және B	$1{,}25\,p$	C	c	7	2	D және E	4	Bc
	> 100	3	(H немесе A) және B	$0{,}5\,p$	C	c	7	2	D және E	4	Bc

А.4-кесте *(жалғасы)*

Бақылау деңгейі	Негізгі материалдың қалыңдығы, мм	Бойлық индикациялар						Көлденең индикациялар			
		Қажетті мөлшер					Сканерлеудің жалпы саны	Қажетті мөлшер		Сканерлеудің жалпы саны	Ескертпелер
		Іздеуіш бұрыштары	Іздеуіш орындары	Сканерлеу аймағының ені	Іздеуіш орындары	Сканерлеу аймағының ені		Іздеуіш бұрыштары	Іздеуіш орындары		
		L-сканерлеу			N-сканерлеу			Т-сканерлеу			

[a] Қолданылмайды.

[b] Тек қосымша келісім бойынша жүргізілуі қажет.

[c] Дәнекерленген жіктің сыртқы қабатының беті 8-бөлімнің талаптарына сәйкес келуі қажет. Бұл дәнекерленген жіктің сыртқы қабатын тазартуды қажет етуі мүмкін.

ЕСКЕРТПЕ L-сканерлеу: көлбеу түрлендіргіштер қолданылған бойлық индикацияларды анықтау үшін сканерлеу;
N-сканерлеу: тік түрлендіргіш қолданылған сканерлеу;
Т-сканерлеу: көлбеу түрлендіргіштер қолданылған көлденең индикацияларды анықтау үшін сканерлеу;
р – қабырғадан шағылысқан ультрадыбыстық толқынның жолы.



a) Қима **b) Үстіңгі жақтан түрі**

Шартты белгілер

1	1-элемент, келте құбыр
2	2-элемент, обечайка
3	тік түрлендіруші
A, B, C, D, E, F, U, V, W, X, Y, Z	іздеуіштің орындары
a, b, c, d, e	сканерлеу аймақтарының енінің белгіленулері
t	қалыңдық

А.5-сурет – Келте құбырдың (қондырылған) дәнекерленген қосылысы

А.5-кесте - Келте құбырдың (қондырылған) дәнекерленген қосылысы (белгілер үшін А.5-суреттің шартты белгілерін қараңыз)

Бақылау деңгейі	Негізгі материалдың қалыңдығы, мм	Бойлық индикациялар						Көлденең индикациялар			
		Қажетті мөлшер				Сканерлеудің жалпы саны	Ескертпелер	Қажетті мөлшер		Сканерлеудің жалпы саны	Ескертпе
		Іздеуіш бұрыштары	Іздеуіш орындары	Сканерлеу аймағының ені	Іздеуіш орындары			Іздеуіш бұрыштары	Іздеуіш орындары		
		L- сканерлеу			N- сканерлеу			T- сканерлеу			
A	$8 \le t < 15$	1	A немесе B	1,25 p 0,50 p	—	—	1	—	—		a
	$15 \le t \le 40$	1	A немесе B	1,25 p 0,50 p	C	c	2	—	—		a
B	$8 \le t < 15$	2	A немесе B	1,25 p 0,50 p	—	—	2	1	X және Y	2	bc
	$15 \le t < 40$	2	A немесе B	1,25 p 0,50 p	C	c	3	1	X және Y	2	bc
	$40 \le t < 60$	2	A және (B немесе D)	1,25 p 0,50 p	C	c	5	2	X және Y	4	bc
	$60 \le t \le 100$	2	A және (B немесе D)	1,25 p 0,5 p	C	c	5	2	X және Y	4	bc
C	$8 \le t < 15$	3	A немесе B	1,25 p 0,5 p	C	c	4	1	X және Y	2	bc
	$15 \le t < 40$	3	A немесе B	1,25 p 0,5 p	C	c	4	1	X және Y	2	bc
	$40 \le t < 60$	3	A және B	1,25 p 0,5 p	C	c	7	2	X және Y	4	bc
	$60 \le t \le 100$	3	A және B	1,25 p 0,5 p	C	c	7	2	X және Y	4	bc

А.5-кесте *(жалғасы)*

Бақылау деңгейі	Негізгі материалдың қалыңдығы, мм	Бойлық индикациялар						Көлденең индикациялар			
		Қажетті мөлшер				Сканерлеудің жалпы саны	Ескертпе[c]	Қажетті мөлшер		Сканерлеудің жалпы саны	Ескертпе
		Іздеуіш бұрыштары	Іздеуіш орындары	Сканерлеу аймағының ені	Іздеуіш орындары			Іздеуіш бұрыштары	Іздеуіш орындары		
		L- сканерлеу			N- сканерлеу			T- сканерлеу			

[a] Қолданылмайды.

[b] Тек қосымша келісім бойынша жүргізілуі қажет.

[c] Дәнекерленген жіктің сыртқы қабатының беті 8-бөлімнің талаптарына сәйкес келуі қажет. Бұл дәнекерленген жіктің сыртқы қабатын тазартуды қажет етуі мүмкін.

ЕСКЕРТПЕ L-сканерлеу: көлбеу түрлендіргіштер қолданылған бойлық индикацияларды анықтау үшін сканерлеу;
N-сканерлеу: тік түрлендіргіш қолданылған сканерлеу;
T-сканерлеу: көлбеу түрлендіргіштер қолданылған көлденең индикацияларды анықтау үшін сканерлеу;
p – қабырғадан шағылысқан ультрадыбыстық толқынның жолы.



a) Артқы жағынан түрі



b) Бүйір жағынан түрі

Шартты белгілер

1	1-элемент
2	2-элемент
3	3-элемент
A, B, C, D, E, F, G, H, W, W_1, W_2, X, X_1, X_2, Y, Y_1, Y_2, Z, Z_1, Z_2	іздеуіш орындары
a, *b*, *c*, *d*, *e*, *f*, *g*, *h*	сканерлеу аймақтарының енінің белгіленулері
t	қалыңдық

А.6-сурет – Крест тәрізді қосылыстар

А.6-кесте – Крест тәрізді қосылыстар (белгілер үшін А.6-суреттің шартты белгілерін қараңыз)

Бақылау деңгейі	Негізгі материалдың қалыңдығы, мм	Бойлық индикациялар					Көлденең индикациялар			
		Қажетті мөлшер			Сканерлеудің жалпы саны	Ескертпелер	Қажетті мөлшер		Сканерлеудің жалпы саны	Ескертпелер
		Іздеуіш бұрыштары	Іздеуіш орындары	Сканерлеу аймағының ені			Іздеуіш бұрыштары	Іздеуіш орындары		
		L-сканерлеу					Т-сканерлеу			
A	$8 \le t < 15$	1	(A мен C) немесе (B мен D)	1,25 p	2	—	—	—	—	a
	$15 \le t < 40$	1	A және B және C және D	0,75 p	4	c	—	—	—	a
	$40 \le t \le 100$	2	A және B және C және D	0,75 p	8	c	—	—	—	—
B	$8 \le t < 15$	1	A және B және C және D	0,75 p	4	—	1	(X_1 және Y_1 және W_1 и Z_1) және (X_2 және Y_2 және W_2 және Z_2)	8	b
	$15 \le t < 40$	2	A және B және C және D	1,25 p	8	c	1	(X_1 және Y_1 және W_1 и Z_1) және (X_2 және Y_2 және W_2 және Z_2)	8	b
	$40 \le t \le 100$	2 1	(A және B және C және D) және (E және F және G және H)	0,75 p e - h	12	d d	2	(X_1 және Y_1 және W_1 и Z_1) және (X_2 және Y_2 және W_2 және Z_2)	16	b

А.6-кесте *(жалғасы)*

Бақылау деңгейі	Негізгі материалдың қалыңдығы, мм	Бойлық индикациялар						Көлденең индикациялар			
		Қажетті мөлшер				Сканерлеудің жалпы саны	Ескертпелер	Қажетті мөлшер		Сканерлеудің жалпы саны	Ескертпелер
		Іздеуіш бұрыштары	Іздеуіш орындары	Сканерлеу аймағының ені				Іздеуіш бұрыштары	Іздеуіш орындары		
		L-сканерлеу						T-сканерлеу			
C	$40 \le t \le 100$	2 1	(A мен B) және (C мен D) және (E мен F) және (G мен H)	және тандем (A немесе B) және (C немесе D)	0,75 *p* *e* - *h*	14	—	2	(X_1 және Y_1 және W_1 и Z_1) және (X_2 және Y_2 және W_2 және Z_2)	16	b

[a] Қолданылмайды.
[b] Тек қосымша келісім бойынша жүргізіледі.
[c] Одан да сезімтал деңгей қажет болса, «тандем» тәсілі қолданылуы қажет.
[d] Одан да сезімтал деңгей қажет болса, «тандем» тәсілі қолданылуы қажет. Бұл жағдайда E және F және G және H қолданылмайды.

ЕСКЕРТПЕ L-сканерлеу: көлбеу түрлендіргіштер қолданылған бойлық индикацияларды анықтау үшін сканерлеу;
N-сканерлеу: тік түрлендіргіш қолданылған сканерлеу;
T-сканерлеу: көлбеу түрлендіргіштер қолданылған көлденең индикацияларды анықтау үшін сканерлеу;
p – қабырғадан шағылысқан ультрадыбыстық толқынның жолы.



Шартты белгілер

1	1-элемент, негізгі құбыр
2	2-элемент, келте құбыр
A, B, C, D, E, F, G, H, X, Y	іздеуіш орындары
d, e, f *g*, *h*	сканерлеу аймақтарының енінің белгіленулері

А.7-сурет – Құбырлық құрылымдардағы тораптық қосылыстар

А.7-кесте – Құбырлық құрылымдардағы тораптық қосылыстар (белгілер үшін А.7-суреттің шартты белгілерін қараңыз)

Бақылау деңгейі	Негізгі материалдың қалыңдығы, мм	Бойлық индикациялар					Сканерлеудің жалпы саны	Көлденең индикациялар			Ескертпе
		Қажетті мөлшер						Қажетті мөлшер		Сканерлеудің жалпы мөлшері	
		Іздеуіш бұрыштары	Іздеуіш орындары	Сканерлеу аймағының ені	Іздеуіш орындары	Сканерлеу аймағының ені		Іздеуіш бұрыштары	Іздеуіш орындары		
		L- сканерлеу			N- сканерлеу			T- сканерлеу			
A	$8 \le t < 15$	2	F және G және H	1,25 p	-	-	6	-	-	-	ab
	$15 \le t < 40$	3	F және G және H	1,25 p	-	-	9	-	-	-	ab
	$40 \le t \le 100$	3	F және G және H	1,25 p	-	-	9	-	-	-	ab
B	$8 \le t < 15$	2	F және G және H	1,25 p 0,50 p	D	d	7	1	X және Y	2	ac
	$15 \le t < 40$	3	F және G және H	1,25 p 0,50 p	D	d	10	2	X және Y	4	ac
	$40 \le t \le 100$	3 1	(F және G және H) және E	1,25 p e	D	d	11	2	X және Y	4	ac
C	-										

[a] Тораптық қосылысты бақылау әдетте D деңгейі бойынша жүргізіліп, қосымша келісімді қажет етеді.
[b] Қолданылмайды.
[c] 1-бөлшектегі саңылау қол жетімді болмаса (D және E түрлендіргіштің ережесі), 2-деңгей бойынша бақылау қолданылмайды.

ЕСКЕРТПЕ L-сканерлеу: көлбеу түрлендіргіштер қолданылған бойлық индикацияларды анықтау үшін сканерлеу;
N-сканерлеу: тік түрлендіргіш қолданылған сканерлеу;
T-сканерлеу: көлбеу түрлендіргіштер қолданылған көлденең индикацияларды анықтау үшін сканерлеу;
p – қабырғадан шағылысқан ультрадыбыстық толқынның жолы.

ӘОЖ 620.179 **МСЖ 25.160.40**

Түйін сөздер: Байланыс түрлендіргіштер, дәнекерленген қосылыстар; қол ультрадыбыстық бақылау, бақылау деңгейлері, қабылдау деңгейлері, бағалау

НАЦИОНАЛЬНЫЙ СТАНДАРТ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

Контроль неразрушающий сварных соединений

УЛЬТРАЗВУКОВОЙ КОНТРОЛЬ

Методы, уровни контроля и оценка

СТ РК ISO 17640-2013

ISO 17640:2010 Non-destructive testing of welds. Ultrasonic testing. Techniques, testing levels, and assessment (IDT)

Издание официальное

Комитет технического регулирования и метрологии
Министерства индустрии и новых технологий Республики Казахстан
(Госстандарт)

Астана

Алғысөз

1 Техникалық реттеу және метрология комитетінің «Қазақстан стандарттау және сертификаттау институты» республикалық мемлекеттік кәсіпорны және «Бұзбайтын бақылау және техникалық диагностиканың қазақстандық ассоциациясы» Заңды тұлғалардың бірлестігінің базасындағы ТК 76 «Бұзбайтын бақылау және техникалық диагностика» **ӘЗІРЛЕП ЕНГІЗДІ**

2 Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігі Техникалық реттеу және метрология комитетінің Төрағасының 2013 жылғы «14» қарашадағы № 26 бұйрығымен **БЕКІТІЛІП ҚОЛДАНЫСҚА ЕНГІЗІЛДІ**

3 Осы стандарт ISO 17640:2010 «Non-destructive testing of welds. Ultrasonic testing. Techniques, testing levels, and assessment» (Дәнекерлеу жіктерін бұзбайтын бақылау. Ультрадыбыстық бақылау. Әдістер, бақылау деңгейлері және бағалау) халықаралық стандартымен бірдей.

ISO 17640:2010 халықаралық стандарты ISO/TC 44 Дәнекерлеу және тектес процестер Техникалық комитетімен әзірленді.

Ағылшын тілінен (en) аударма.

Осы стандарттың әзірленуіне негіз болған және сілтемелер берілген стандартының ресми нұсқасы нормативтік-техникалық құжаттардың Бірыңғай мемлекеттік қорында бар.

2-бөлімде сілтемелік халықаралық стандарттар өзектендірілген.

Сәйкестік дәрежесі – бірдей, IDT.

4 Осы стандартта Қазақстан Республикасының келесі Заңдарының нормалары жүзеге асырылды: 2004 жылғы 9 қарашадағы № 603-II «Техникалық реттеу туралы», 2004 жылғы 9 шілдедегі № 588 «Электр энергетикасы туралы», Кеден одағының 2011 жылғы 16 тамыздағы № 768 «Төмен вольтті жабдықтардың қауіпсіздігі туралы» Техникалық регламенті, 2008 жылғы 31 желтоқсандағы № 1353 «Металл конструкциялардың қауіпсіздігіне қойылатын талаптар» Техникалық регламенті.

